

БЕКІТЕМІН:
«Алақай» МДҰ меңгерушісі
Р.Т. Арыкбаева
« 28 » 12 2020 жыл



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ

Педагогикалық кеңестер
№1 педагогикалық кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Тақырыбы: Жаңа оқу жылына дайындық Мақсаты: 2020-2021 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.		
2	Тақырыптық бақылау. Топтардың 2020-2021 оқу жылына дайындығы туралы	28 -тамыз	меңгеруші
3.	2020-2021 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат-міндеттерімен таныстыру.		
4.	2020-2021 жаңа оқу жылының күн тәртібін, оқу қызметі кестесін бекіту туралы.		
5.	Барлық топтардың 2020-2021 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларды бекіту.		
6.	№1 педагогикалық кеңес шешімі		

№ 2 Педагогикалық кеңес

№	Тақырыбы:	Мерзімі	Жауаптылар
	Тақырыбы: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарына қолдану. Мақсаты: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру.		
1.	№1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама	Қараша	Меңгеруші Психолог Тәрбиешілер
2.	Тренинг. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері.		
3.	Шеберлік сынып. Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.		
4.	Іс-тәжірибеден. Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.		
5.	Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту.		
6.	№2 педагогикалық кеңес шешімі		

№ 3 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындар мен ұлттық ойындарды қолдану.

Мақсаты: Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұлттық ойындар арқылы балаларды танымдық қабілеттерін дамыту.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	№2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама.	Қаңтар айы	Меңгеруші психолог тәрбиешілер
2.	Іс-тәжірибе: Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі		
3.	Шеберлік сынып. «Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар		
4.	Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану		
5.	№3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қотынды анықтамасы		
6.	Кешенді бақылау қорытындысы. Ересек топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау		
7.	Көрме: «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б.		
	№3 педагогикалық кеңес шешімі.		

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасында байланысты нығайтуда ата-аналармен жұмыс жүргізу бағыттарын жетілдіру.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	№3 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама	Наурыз	Меңгеруші Психолог Тәрбиешілер
2.	Ақыл-кеңес. Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері		
3.	Іс-тәжірибе. Ата-аналармен сөйлесу мәдениеті.		
4.	Шеберлік сынып. Ата-аналар арасында дау –дамайды шешу жолдары.		
5.	Балаларды ұлттық ою-өрнектермен таныстыруда ойын түрлерін қолдану		
6.	Тақырыптық бақылау қорытындысы. Балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылау		

	жасау.		
7.	№4 педагогикалық кеңес шешімі		

№ 5 Педагогикалық кеңес			
Тақырыбы: «Оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»			
Мақсаты: Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау.			
№4 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама	Мамыр	Меңгеруші Психолог Тәрбиешілер	
Сауықтыру және шынықтыру іс-шаралары есеп беру			
2020-2021 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту.			
Педагогтардың (тәрбиешілер мен мамандардың) жылдық жұмыс қортындысы.			
Педагог-психологтардың жылдық есебі, балалардың психологиялық тұрғыдан мектепке дайындығы			
2020-2021 оқу жылындағы жұмыс нәтижесіне қорытынды есеп			
№5 педагогикалық кеңес шешімі			

ХАТТАМА №1

28 тамыз 2020 жыл

«Алақай» бөбекжай-бақшасында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқан педагог саны - 4;

Қатыспағаны - 2;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕ:

ТАҚЫРЫБЫ: «Жаңа оқу жылына дайындық»

1. Жаңа 2020-2021 оқу жылына топтардың дайындығы туралы.
2. 2020-2021 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат-міндеттерімен таныстыру.
3. 2020-2021 жаңа оқу жылының күн тәртібін, оқу қызметі кестесін бекіту.
4. Барлық топтардың 2020-2021 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларды бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р.Арықбаева жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Сөз басын жаңа оқу жылымен құттықтаудан бастады және жаңа оқу жылына дайындық, топтарды қажетті материалдарымен (дидактикалық және дамытушы ойындардың, ойыншықтардың болуы, топтарда жөндеу жұмысының жүргізілуі т.б.) жасақтау мәселесіне тоқталды. Жаңа оқу жылында педагогтар қажырлы еңбек етуге бар күшін салатынына сенім білдірді. Екінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі 2020-2021 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырып, оның мазмұны мен мақсатын атап өтіп бекітті және ата-аналар жиналысын өткізу кестесін бекітті және барлық жиналыстарға мұқият дайындалып өткізу қажеттігін баса айтты. Биылғы өзгерістерге байланысты тәрбиешілерге негізгі міндеттерін бөліп берді. Тәрбиешілердің перспективалық-жоспарларымен танысып бекітті.

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

1. Б. Суханова – тәрбиеші; Құрметті әріптестер, сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. «Жұлдыз» тобында 25 бала тәрбиеленуші бар. Тобымыздағы тәрбиеленушілер күн тәртібіне бейімделген. Оқу тәрбие процесінің жылдық жоспары әр жастың топтары мен бағдарламаны орындау негізінде және педагогикалық процесті бақылаудан тұрады. Осы істерді қолға алып, жоспарға сай жұмыстар атқарылады.
2. Ж.Тұрымбетова – тәрбиеші; Жұмыс жоспары биылғы өзгерістерге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартымен, оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен және үлгілік оқу жоспарлары негізге алынып жасалды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Топтардың және жалпы бөбекжайдың материалдық базасын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылсын.
2. 2020-2021 оқу жылының оқу жоспары бекітілсін. Ата-аналар жиналысына дайындық және оны өткізу жауапкершілігі тәрбиешілерге жүктелсін.
3. Тәрбиешілердің оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспарлары, бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Р. Арықбаева..

Хатшысы:

Г. Күмісбаева



Хаттама №2

12 қараша 2020 жыл

«Алақай» бөбекжайында педагогикалық және меңгеруші жанындағы кеңесінің отырысы болды.

Қатысқан педагог саны: 4

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарында қолдану.

Мақсаты: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Шеберлік сынып. Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.
2. Іс-тәжірибеден. Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.
3. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту.
4. Тренинг. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері.

Тындалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р. Арыкбаева жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Сөз кезегін бөбекжай тәрбиешілеріне берді.

Шығып сөйлеушілер:

1. Тәрбиеші: Б.Суханова Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану тақырыбында баяндамасын оқыды. Жас ұрпаққа адам денсаулығының қажеттілігін басты байлық екенін түсіндіру, қимыл әрекетке жаттықтыру. Дұрыс тамактанудың, таза ауада жүрудің адам денсаулығы үшін маңызды екенін түсіндіру.
2. Тәрбиеші: М.Омарова Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары. Мектепке дейінгі жаста баланың зейіні қабылдауына тығыз байланысты. Ойын бала бойында танымды қалыптастыруға апаратын бірден-бір жол деп санаймын.
3. Тәрбиеші: Ж.Тұрымбетова Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту.
4. Ағымдағы мәселелер бойынша сөз алған меңгеруші Р.Арықбаева бірінші кезекте бала қатысымына аса мән беру керек. Бөбекжайға келмеген балалардың себебін сұрап, ауырып қалса анықтамаларын алғызып, баланы себепсіз қалдырмауға тырысайық. Ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар. Топтардағы орталықтарды толықтырып, қайта жасақтау. Осы істерді қолға алып, жоспарға сай жұмыстар атқаруларыңыз тиіс.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Б.Суханованың бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану баяндамасы есепке алынсын.
2. М.Омарованың ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту хабарламасы жақсы деп бағалансын.
3. Ж.Тұрымбетованың балаларды ұлттық ойындар арқылы сазөнерін қызығушылықтарын ояту баяндамасы есепке алынсын.
4. Ағымдағы мәселер есепке алынсын.

Педагогикалық кеңестің тарапымы:

Хатшысы:

Р.Арықбаева.

Б. Суханова.

Хаттама №3

15 қаңтар 2021 жыл

«Алақай» бөбекжайында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқан педагог саны: 6

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. Іс-тәжірибе: Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі
3. Шеберлік сынып: Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар
4. Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану.
5. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды анықтамасы
6. Кешенді бақылау қорытындысы. Ересек топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау.
7. Көрме: «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б
8. №3 педагогикалық кеңес шешімі

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р. Арықбаева жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.
- Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша №2 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жасалған жұмыстарға жақсы деп бағаланды.
2. Іс-тәжірибе: Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі.
3. Шеберлік сынып: Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар
4. Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану. .
5. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды анықтамасы
6. Кешенді бақылау қорытындысы. Ересек топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау.
7. Көрме: «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б
8. №3 педагогикалық кеңес шешімі

Шығып сөйлеушілер:

1. Тәрбиеші: М. Омарова-Мектеп жасына дейінгі білім беру әдістемесінде балалардың зияткерлік – танымдық белсенділігін дамытудың әр түрлі әдіс-тәсілдері бар. Балаларды блоктар арқылы ойната отырып, оларға нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен қалыңдығын көрсете отырып, ажыратуға үйретуде балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін зияткерлік танымдық қабілеттерін жетілдіреді. Әр – түрлі құрастыру, сурет салу арқылы дамытуға болады.
2. Тәрбиеші: Б. Суханова –Ересек және кіші топтарда балалармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерге тәрбиелеуге болады. Баланың жасына, қабылдауына түсінігіне қарай күрделеніп отырады, баланың ақыл ойы дамиды, сөздік қоры молаяды, қызығушылығы артады.
3. Тәрбиеші: - Г. Жайманова: Балаларға ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс сурет сабағында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Балалар мүсіндеу, жапсыру сабағында ұлттық әшекей бұйымдар жасап көрмеге қойылды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Тәрбиешілердің баяндамалары, шеберлік сыныптары, тақырыпқа сай айтылған ұсыныстар жүзеге асырылсын.
3. №2 педагогикалық кеңес шешімі есепке алынсын.
3. Ағымдағы мәселелер есепке алынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшысы:

Р.Арықбаева.
Б.Суханова.



Хаттама №4

18 наурыз 2021 жыл

«Алақай» бөбекжайында педагогикалық кеңесінің отырысы болды.

Қатысқан педагог саны: 5

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Тақырыбы: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық

Максаты: Балабақша мен отбасы арасында байланысты нығайтуда, ата-аналармен жұмыс жүргізу бағыттарын жетілдіру.

1. Ақыл-кеңес: Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері.
2. Іс-тәжірибе: Ата-аналармен сөйлесу мәдениеті
3. Шеберлік сынып: Ата-аналар арасында дау-дамайды шешу жолдары.
4. Балаларды ұлттық ою-өрнектермен таныстыруда ойын түрлерін қолдану.
5. Балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылау жасау.

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р. Арықбаева жиналысты ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Ағымдағы мәселелер бойынша жоспарға байланысты іс-қағаздарды жинақтау, балаларды күн жылуына байланысты таза ауада көбірек ойнату, серуендету керектігі жайында айтып өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша топ тәрбиешілері кеңес, баяндама, хабарламаларын оқыды.

Шығып сөйлеушілер:

1. Тәрбиеші: Г. Жайманова – Тәрбиешінің жүргізген жұмысынан ата-ана хабарлы болу үшін үнемі балабақшамен ата-аналарға байланысты болулары, балабақшада ұйымдастырылған ашық есік күндеріне келіп баласының жетістігін көруге шақыру керек. Алдағы уақытта балабақшада ата-анамен бірлескен жұмыстар «Шебер қолдар» үйірмесін ашсақ деген ойымыз бар. Ата-анамен балабақша бірлесе отырып оқу және тәрбиелеу жүйесін қатар жүргізер болса әр бала жеке тұлға болып қалыптасар еді. Себебі отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен.

2. Тәрбиеші: М. Омарова – Біздер топ тәрбиешілері ата-анамен мақсатты түрде қарым-қатынас орнатып келеміз. Кей уақытта жұмыс уақытында ата-анамен, тәрбиеші арасында түсінбеушіліктер орын алып жатқан кездерде айқайласпай, мәдениетті түрде сабырлықпен жай сөйлеп, балалардың оқу қызметіне қатыстырып, түрлі іс-шараларға қатыстырып балабақшамен жақсы қарым-қатынас орнатып жатамыз.

Кіншкентай болса да балалар отбасында ата-анадан, балабақшада тәрбиешіден үлгі алады. Себебі көз алдындағы адамның бейнелері, жақсы мінез-құлық, дұрыс қарым-қатынасы балаға үлгі.

3. Тәрбиеші: Б. Суханова – Өркениетті елдердің алдыңғы қатарына жеткізу мақсатын бүлдіршіндерімізге айтып, түсіндіріп, балалардың ұлттық қолөнеріміз ою-өрнектеріміздің қолдануын ересек топтарымызда оқу қызметі барысында арттырып, қазақылығымызды сіңіре білуіміз қажет.

Сондықтан алдағы уақыттарда ұлттық ою өрнек элементтерін шығармашылық саласында сурет салу, құрастыру, жапсыру оқу қызметтерінде кеңінен қолдана білсек, жеңіл түрін өз қолымен жасай білуге үйретсек деген ой туындайды.

Балаға қағаз, қарындаш пайдаланып, шаршы, ромбы, үшбұрыш, шеңбер сызып солардың ішіне әртүрлі ою-өрнектермен композиция құруға үйрету арқылы баланы ою-өрнек салу тәсілдерін үйретуге болар еді.

4. Психолог: Г. Күмісбаева - Балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылау жасау яғни ол үш кезеңнен тұрады: Қабылдау, дамыту, байқағыштық. Осы белгілер арқылы баланың мектепке дайын не дайын еместігін білдіреді. Балаларға жеңіл сұрақтар қою арқылы баланың мектепке деген ынта-ықыласын білуге болады.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Тәрбиешілердің баяндамалары, кеңесі есепке алынып, тақырыпқа сай айтылған ұсыныстар жүзеге асырылсын.
2. Психолог жұмысының нәтижесі бағалансын.
3. Ағымдағы мәселелер есепке алынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшысы:



Р. Арықбаева.
Б. Суханова.

«Алақай» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогикалық кеңесінің кезекті отырысы болды.

ХАТТАМА №5

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 0

28.05.2021 ж

Күн тәртібінде:

1. №4 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
Жаздық жоспарды бекіту (медбике мен тәрбиешілер)
2. «Дені сау бала-дені сау ұрпақ» жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есеп
Медбике: Суханова А
3. Мерекелік іс –шаралар бойынша қорытынды есеп (ересек топ бойынша)
Тәрбиеші: Жайманова Г
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша есеп (кіші топ бойынша)
Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж
5. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі Р Арықбаева : «Құрметті әріптестер, сіздерді оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын. Тағы да бір оқу жылын сәтті аяқтап, кезекті еңбек демалысына кеткелі тұрмыз. Алдағы жазғы жоспарды бекітіп, балаларға денелерін шынықтыру- сауықтыру жұмыстарын жүргізу. Мақсатымыз балаларға жаз мезгілінің, спорт әртүрлі жаттығулардың адам денесіне пайдалы екенін түсіндіру, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Денелерін шынықтыру, күннің маңызы жайында айтып кету.

Шығып сөйлеушілер:

2. Медбике: Суханова А «Құрметті әріптестер, қайырлы күн. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін. Демалыста демалып, пайдалы ем алып тынығып қайтуларыңызға тілектеспін. Әрине дені сау бала дені сау ұрпақ демекші бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Еңбек, және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат, көңілді белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Бала ағзасының қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Бала денсаулығы жақсы шыныққан, көңіл-күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата-ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесім табуы керек. Өздігімен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін тәрбиешілерге, дұрыс тамақтандыру жөнінде кеңестер беріледі.»

3. Тәрбиеші: Жайманова Г «Барлықтарыңызға қайырлы күн. Апта жағымды жаңалықтармен басталсын. Өткен жылды қорытындылай келе «Алтын күз», «Жемістер жыры» Рухани аясында «Тәуелсіздік мерекесі «Елін сүйген Елбасы» Жаңа жылдық мерекелік іс шаралар өткізілді. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатында «Қош келдің, Наурыз» Сәуір айында «Күлкі жанның шипасы» «Женіс жыры» т.б. шаралары өткізілді. Қорытындылай келе балаларға түрлі деңгейде тапсырмалар беріліп, ақыл-ой мен сана сезімдері қалыптасты.

4. Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж «Балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу жоспары құрылып, оқу қызметтері өткізіліп отырды. «Ұстаз ұлы есім», «Дос болайық бәріміз», «Ойыншықтар әлемі», «Пішіндер әлемі», «Қыс кереметтері», «Су- тіршілік көзі», Денсаулық күніне байланысты

«Денсаулық зор байлық» атты ата-аналармен сайыс, «Бағдаршам және біз», Төтенше жағдайларға байланысты «Өрт –тілсіз жау» тақырыбында бұрыш жасақталды. «Армысың әз Наурыз» т.б. «Мамандықтың бәрі жақсы» тәрбие сағаттары мен мерекелік іс-шаралар өтті. Бала жылына байланысты «театр әлемінде» қойылым сабақтар өтті.

Қаулы етеді:

1. №5 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалсын Жаздық жоспарды бекітілсін (медбике мен тәрбиешілер)
2. «Дені сау бала-дені сау ұрпақ» жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды есебі бекітілсін Медбике: Суханова А
3. Мерекелік іс –шаралар бойынша қорытынды есеп (ересек топ бойынша) қорытындыланып бекітілсін Тәрбиеші: Жайманова Г
4. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар бойынша есеп (кіші топ бойынша) қорытындыланып бекітілсін. Тәрбиеші: Тұрымбетова Ж

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшысы:



Р Арықбаева
Б.Суханова

